

УДК 796.5

## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУЛЫ АУМАҚТАРЫНЫҢ БІРЕГЕЙ ТАБИҒИ ОРЫНДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Дастурбаев Шахрух Улугбекович  
[dasturbaev@mail.ru](mailto:dasturbaev@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. Жаратылыстану ғылымдары факультеті. Физикалық және экономикалық география кафедрасының магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Өзгелдинова Ж.Ө.

Қазіргі уақытта туристік-рекреациялық іс-әрекет саласы өзекті болып табылады, бұл туралы «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы» құжатпен расталған[1]. Туризм-бұл әлемдік экономиканың ең ірі ғана емес, сонымен бірге қарқынды дамып келе жатқан саласы, оның өсу қарқыны экономиканың басқа салаларының өсу қарқынынан 2 есе жоғары. Негізгі көрсеткіштер бойынша, оның ішінде инвестициялық салымдардың тиімділігі бойынша туризмді мұнай өндіру өнеркәсібімен салыстыруға болады.

Түркістан облысы таулы аумағының ландшафттық ерекшеліктерімен олардағы бірегейлігі, облыстық қана емес, республикалық және әлемдік масштабта дамып көркемдеуіне лайықты бірегей табиғи нысандарға бай болып табылады.

Түркістан облысы таулы аумағында туристік іс-әрекетті ұйымдастыру үшін рекреациялық табиғи нысандары орналасқан түрлі қызықты табиғи объектілерге бай, олардың тізбесі 1-кестеде келтірілген. Табиғи объектілердің орналасқан жері суретте көрсетілген (1-суретте). Түркістан облысы таулы аумағында көптеген маңызды және қызықты нысандары қарастырылып зерттелінді[2]. Келтірілген геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық табиғи нысандар, бірегей немесе ғылыми және рекреациялық құндылығы бар болып табылады.


Кесте 1. Жұмыста келтірілген бірегей табиғи және сауықтыру объектілері [2,4,5,6].

Карта бойынша №	Табиғи объектінің атауы	Орналасқан жері
Қаратау жотасы		
1	<i>Қарағұз көлі</i>	Сызған ауылынан оңтүстікке қарай 18 км жерде
2	<i>Бессаз массиві</i>	Сызған ауылынан оңтүстікке қарай 12 км жерде

3	<i>Жылаған ата бұлағы</i>	Кентау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 50 км жерде
4	<i>Жылаған ата сарқырамасы «Жылаған тау»</i>	Кентау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 50 км жерде
5	<i>Жылаған ата үстіртті-жазығы</i>	Кентау қаласынан солтүстік-батысқа қарай 50 км жерде
6	<i>Ежелгі тау-кен қазбалары</i>	Қарнақ ауылынан солтүстік-батысқа қарай 30 км жерде
7	<i>Турлан және Балатурлан үстірті</i>	Ақшешек жылжымасының солтүстік-шығысына қарай
8	<i>Қызыл көлі</i>	Құмкент ауылынан батысқа қарай 2 км жерде
9	<i>Оғызтау қызғалдақтары</i>	Қарнақ ауылынан солтүстік-батысқа қарай 30 км жерде.
10	<i>Шерт құдығы</i>	Кентаудан батысқа қарай 20 км жерде
11	<i>Біресек өзені жоғарғы ағысы</i>	Кентаудан солтүстік-шығыста 17 км жерде
12	<i>Үшайрықсай қызғалдақты қазанишұңқыры</i>	Ащысай ауылынан 10 км солтүстік-батыста
13	<i>Ақшешек жылжыма-жамылғысы</i>	Ачысай ауылынан солтүстікке қарай 7 км жерде
14	<i>Қатын қамал жылжымасы</i>	Кентаудан шығысқа 65 км
15	<i>Үлкен Ақтас бұлағы</i>	Мыңбұлақ ауылынан солтүстікке қарай 20 км жерде
16	<i>Леонтьев опырығы</i>	Қаратаудың оңтүстік-шығысы
<i>Боралдай жотасы</i>		
17	<i>Ақмашіт үңгірі</i>	Бірлік ауылының жанында
18	<i>Үлкентура және Кішітура үстірті</i>	Боралдай ауылының оңтүстік шығысында
19	<i>«Сталактиттер» үңгірі</i>	Т. Рысқұлов ауылынан шығысқа қарай 5 км жерде.
<i>Талас жотасы</i>		
20	<i>Манкент ишпажайы</i>	Манкент т\ж батысқа қарай 6 км.
21	<i>Машат шатқалы</i>	Шымкенттен солтүстік-шығысқа қарай 55 км жерде
22	<i>Ирису кені</i>	Талас Алатауының солтүстік-батыс сілемдері
<i>Өгем жотасы</i>		

23	«Арагонитті» төбешігі	Сайрамсу өзендерінің жоғарғы ағысы
24	Сайрамсу, Қасқасу, Таусамал, Бүргілік, Ақмешіт демалыс аймақтары	Сайрамсу мен Бадам аралық ағысы
25	"Таусамал" аспалы жолы (шаңғы тебу)	Өгем жотасы
<i>Қаржантау жотасы</i>		
26	Кошкарата бұлағы	Шымкенттің орталығында
27	Бадам су қоймасы	Шымкенттен оңтүстік-шығысқа қарай 20 км
28	«Қырық Шілтен» қасиетті аңғары	Қазығұрт тауының солтүстік-шығыс етегі
29	«Қызыл төбе» төбешігі	Ленгерден 5 км жерде
30	Аққум каньоны	Сарыағаш ауданы
31	Әулие «Жылақ ата»	Тоғыз өзеннің сол жақ саласының жоғарғы ағысы.
32	Таусамал балалар демалыс үйі	Кайнар өзені

**Сүрет 1. Түркістан облысы таулы аумағының табиғи бірегей нысандары**



Жалпы жүргізілген географиялық сараптамаға сәйкес жұмыс бойынша картада (1-сурет) 32 табиғи бірегей нысандар көрсетілген. Қарастырылып отырған аймақтың қазіргі заманғы бірегей табиғи объектілері – бұл табиғи ортаның ұзақ уақыт қалыптасуының нәтижесі. Зерттеудің әрі қарайғы жұмысы осы нәтижелерді аймақтың табиғи және рекреациялық

элеуетін бағалауда қолдануды қарастырады. Мұндай объектілерді географиялық тұрғыдан бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады:

**1.Геологиялық объектілер:**

1. Бессаз массиві- төменгі-орта протерозой түзілімдерінің
2. Қатынқамал және Ақшешек қатпарлы тектоникалық құрылымдық жылжымасы;
3. Жоғарғы бордың сеноман - турон терригендік шөгінділерінің Көккия өзенінің сол жақ жағалауы бойымен, Қатынқамалдың оңтүстік шығысынан 1 км жерде кесілуі;
4. Арагониттер, "арагонит төбешіктері".

**2. Геоморфологиялық объектілер:**

1. Жылаған сарқырамасы бар Жылаған ата өзені шатқалы;
2. Жартастағы петроглифтері бар Ермаксу (Ормак) өзенінің шатқалы;
3. Үстірт аралы-Қызылата өзенінің шатқалында;
4. Ушайрық тауаралық қазаншұңқыры;
5. Укаш-Ата карсты құдығы;
6. Үлкентұра және Кішітұра үстірті
7. Қырық Шілтен- беткейлік жасалымы;
8. Аққұм каньоны.

**3. Гидрогеологиялық объектілер:**

1. Жылаған ата сифонды бұлағы;
2. Үлкен Ақтас сифонды көзі;
3. Қарағұз көлі;
4. Жылақ Ата бұлағы;
5. Қашқарата және Ақбура бұлақтары.

**4. Биологиялық объектілер:**

1. Оғыз қызғалдақтары;
2. Ушайрық қызғалдақтары.

Жоғарыда айтылған нысандардың көп бөлігі геоморфологиялық нысандар яғни Қаратау жотасы территориясында орналасқан. Оған себеб ретінде біз Қаратау жотасы геология-геоморфологиясына тоқтала кетуіміз қажет. Қартау жотасы протерозойлық тақтатастардан және девонның жанартаутекті жыныстарынан түзілген бұл геологиялық негіз, сан алуан түрлі шатқал, жартасты көріністер береді. Одан бөлек тектоникалық ерекшеліктерге бай болып табылады: кембрийдің карбонатты жыныстарындағы карст үңгірлері, конгломераттар мен төменгі бордың құмтастары пайда болған табиғи бірегей нысандар және т.б.

Бұл жұмыста Түркістан облысы таулы аумағының табиғи бірегей нысандарын сипаттау кезінде біз олардың шығу тегі туралы егжей-тегжейлі айтпастан, олардың рекреациялық мүмкіндіктеріне ерекше назар аудардық. Объектіні тану мақсатында, бұл егер ол адамға физикалық, психологиялық және басқа күштерді қалпына келтірсе рекреациялық іс-әрекетті дамыту үшін ешқандай айырмашылық жоқ[3]. Жоғарыда келтірілген объектілерді танымдық, сауықтыру және емдік бальнеологиялық деп жіктеуге болады.

Түркістан облысы таулы аумағының табиғи рекреациялық ландшафттарының бірегейлілігі сипаттамасы солтүстік-батыстан оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай басталады. Барлық бөлінген объектілер қоршаған қалалар мен кенттердің тұрғындары үшін, сондай-ақ облыстың басқа да қалалары мен елді мекендері, сондай-ақ Қазақстан республикасы көршілес облыстары мен шектес мемлекеттер (Өзбекстан, Қырғызстан) үшін рекреациялық маңызы бар.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы»

2. Турсункулова Л.А. Перспективы развития экологического и других видов туризма в Южно-Казахстанской области / Л.А. Турсункулова, Э.Т. Турсункулов //Поиск. - Алматы: ТОО ВШК, 2009. - № 1. - С. 262-272.

3. Николаенко Д.В. Рекреационная география / Д.В. Николаенко. - М.: Владос,2003.-279 с.

4. Мирзаев А. Западный Тянь-Шань колыбель тюльпанов / А. Мирзаев // Инф. бюл. Дайджест. - Астана. - 2005. - № 13. - С. 31-42.

5. Об источнике Актас в Большом Каратау и возможностях его использования в бальнеологии / Н.И. Комароа и [др.] // Изв. АН Каз.ССР. Сер. Геол. - Алма-Ата, - № 4.-1988.- С. 58-63.

6. Оңтүстік Қазакстан энциклопедиясы / Под. ред. А. Н. Нысанбаева. - Алматы:Казак энциклопедиясы, 2005. - 560с.